

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 және 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулыларына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 тамыздағы N 870 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1) "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысында :  
көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

02 "Қорғаныс" деген функционалдық топта:

678 "Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы" деген әкімші бойынша:

002 "Республикалық ұлан объектілерінің құрылысын салу" деген бағдарламада:

"Астана қаласында Республикалық ұлан кешенді ғимаратын салу (II кезек)" деген жолдағы "176500" деген сандар "155020" деген сандармен ауыстырылсын;  
мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"10 бірлікке арналған жауынгерлік техника үшін тұтас металл боксының құрылысын салу 21480";

2) "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысында :  
көрсетілген қаулыға 413-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:  
реттік нөмірі 4-жолда:

"Автомобильдік техникаларға арналған қосалқы бөлшектерді, агрегаттар мен басқа да заттарды сатып алу." деген абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Әскери мақсаттағы арнайы жарақтар сатып алу - 25 жиынтық";

" - қару-жарақ, суық қару және оларға арналған қосалқы бөлшектер - 3726 дана;" деген абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

" - биокомпьютерлік кешен - 1 жиынтық";  
көрсетілген қаулыға 414-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағаны мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. 10 бірлікке арналған жауынгерлік техника үшін тұтас металл боксының құрылысын салу." ;

7-тармақ "жобасындағы жатақхана" деген сөздерден кейін "және жауынгерлік техника үшін тұтас металл боксының" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК